

# Психология туралы ілімнің Қазақстандағы даму жолдарын сызба түрінде көрсету

Орындаған: физика-техникалық  
Факультетінің 1 курс магистранты  
Аманжолов Ербол

# Қазақстандағы психология ілімінің бастауы

Қазақ жерінде психология ғылымы сонау ата-баба заманымыздан келе жатқан дүние.

**Мақал-мәтелдер — халық психологиясының айнасы.**

Бүкіл халық ұстанатын тәліми нормаларды адамның жан дүниесіне орайластыра баяндайтын колданбалы мәні зор психология ғылымының бір саласы халықтық психология деп аталады. Мұнда ғасырлар бойы сұрыптала жинақталып, жүйеге түскен ұлттық дәстүр, салт-сана, әдет-ғұрып, ұрпақтан ұрпаққа біртіндеп жалғасатын адамгершілік, ақыл-ой, эстетикалық таным, еңбек, дене тәрбиесі, т.б. нормалар мен принциптер, яғни халықтың жан-дүниесі, өзіндік мінез-құлқы, іс-әрекетінің ішкі астарлары сөз болады. Халықтық психология психика мен мінез-құлықтың қанға «сіңген», тез өзгеріп не жоғалып кетпейтін ұлттық бітісі, мезгіл мөлшерімен алғанда ұзақ дәуірдің желісі.

# Әбу Насыр әл-Фараби (870—950) және оның қазақ психологиясы тарихындағы орны



## Әбу Насыр әл-Фараби (870—950)

Фараби эмоция, сезім процестерін жан қуатының дербес көрінісі деп санамайды. Бұлар психиканың қалған түрлеріне бояу береді, оларды қозғалысқа итермелейді. Талпыну, әсерлену қуаты адамның мәнерлі қозғалыстарынан жақсы байқалады. Мәселен, адам ұялғанда қызарса, қорыққан кезде сұп-сұр болып, түсі қашады.

Фараби танымның бірінші басқышы — түйсіктер табиғатын дұрыс түсіндіргенімен, ойлауға келгенде жаңсақ түсінікке жол береді. Ол ойлау материядан тыс тұрған ерекше рухани күштің әсерімен туып отырады дейді. Бірақ оның түйсік, қабылдау, қиял процестерін сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының денедегі (жүйкедегі) түрлі бейнелері деуі — ғылыми тұрғыдан өте дәл түсінік еді. Мәселен, көз айна тәріздес нәрсе, ол сыртқы дүниенің сәулесі түсіп отыратын алғашқы саңлау. Көру түйсігі көзге зат әсер еткенде ғана пайда болады. Жан — айрықша сапада тұрған қасиет. Жануар мен адамның тән құрылысының өзгешелігіне қарай олардың жан қуаттары да өзгеше болады.

Адам — жанды дүниенің теңдесі жоқ туындысы. Оның жануардан негізгі, айырмашылығы ақыл-парасатпен сөйлей алу қабілеті, өнермен, белгілі кәсіппен айналысуы. Адам қоғамнан, түрлі топтардан тыс өмір сүре алмайды, оның бар тіршілігі адам қауымының арасында өтеді. Жеке адам өзінің тілек талпынысымен, мұң-мұқтажын жеке жүріп қанағаттандыра алмайды. Сондықтан ол басқа адамдармен қарым-қатынасқа түседі. Өйткені, жеке жүрген адамның тәні де, жаны да ойдағыдай дамымайды.

## Қазақ ғұламаларының педагогикалық психологиядағы орны.

Көптеген жылдар бойы 1946 жылға дейін жеке дара психология кафедрасы болған жоқ.. Оның жоқтығы психолог мамандардың жетіспеушілігінен болды. Бірақ мұнда өзіндік жақсы жақтары болды. Абай атындағы Қазақ Педагогикалық Институтының психология кафедрасының қалануында Халел Досмұхамедов ,Салкен Балаубаев,Төлеген Тажібаев т.б сияқты керемет оқымыстылар тұрды.

20-жылдардың аяғында атақты физиолог нобел премиясының лауриаты академик И.П Павловтың лекциясын тыңдаған Санкт Петербург әскери медициналық академиясының түлегі профессор Халел Досмұхамбетов педология кафедрасын басқарды. Ол академияны алтын медальмен бітіргеннен кейін (1909ж) Ресейдегі әскерей бөлімшеде тәжірибелі медицинамен айналысады Революциядан кейін түгелдей ғылымипедогогикалық психологияға көшеді.

Кафедрада сол жылдары Досмұхамбетовтан басқа пофессор Автухов, доцент Белковский , Кеп-лер ,Ситдыков тағы басқалар жұмыс істеді .

30-жылдардың басында педогогика ж/е психология кафедрасын Н.К Круп атындағы Комунистік тәрбиелеу академиясы асперантурасының түлегі профессор Ш.Альжанов басқарды.

## **XX ғ. 50-90 жылдарындағы Қазақстандағы психологиялық публикациялар.**

1967 жылы доцент М.Мұқанов басқарды. М.Мұқанов екі тілді қазақ, орыс негізгі психологиялық зерттеу жұмыстарын жақсы атқарды.

1965-1967 жылдары алматыда екі ғылыми конференция ұйымдастырылды. Ол психологиялық мәселелерді бағдарламалар арқылы оқыту болып табылды. Оқытушылар бірінші барлық конференцияны Мәскеудегі оқытуымен жұмыс жасады.

60-80 жылдары мәселемен кафедра зерттеу жасады. Әр түрлі Қазақ этносының жетілуінің еркшелінің психлогиясы зерттелді.


1980ж М.Муқанов АНССР психолгиясы НИИ «Исследование расудков история этнического аспекта» тақырыбында факторлық дисертация қорғады. Өзінен кейін Қазақстанда психология жайлы ғылыми 10-кітап және 200 ғылыми мақалалар қалдырды. Республикада этникалық психология негізінде көптеген еңбектер жазды. Ол көптеген жас психолгтар, ғылым кандидаттарын даярлады.

- Кітап психологиялық бақылауларға және әртүрлі эксперименттеріне, негізгі өмір қортындыларына бай, оның көпшілігі мектеп өмірінен және классикалық қазақ әдебиеттерінен алынды. Осылардың ішінде қазақ әдебиетшілерінің туындылары (50 атау), қазақ ойшылдарының керемет идеялары(А.Құнанбаев, С. Торайғыров, М.Жұмабаев, Ж.Аймаутов және т.б.) әрине осылардың барлығы кітаптың сапасына үлкен әсерін тигізді.Әрине, қай басылым болмасын, бірсыпыра қателіктер болды. Кейбір қазақша терминдер күдік тудырды. Автор кітапты қайта басуға ұсыныс берді.
- Қазақстанда психологиялық әдебиеттердің 300-ден астам тізімі жарыққа шықты(1992/2001). Осы кітаптарға көп еңбегі сіңген жазушылар, мыналар: Ж.Аймаутов, М. Жұмабаев, Т.Тәжібаев, М.Мұқанов, Қ.Жарықбаев, Н. Итбаев, А.Алдамұратов, Қ.Рахимбеков, Ж.Намазбаев, Х. Шерезданов және т.б.

Қазақстандық оқулықтардың қортындысынан кейін, соңғы 50 жылдағы басылымдар жайлы біраз айта кетсек(XXIғ.50ж. соңынан бастап). Бұл жерде профессор Т.Т.Тәжібаевтің «К.Д.Ушинскидің Психология және педогогикалық психологиясы»(Алматы 1948ж. 204б.) кітабы туралы айта кеткен жөн. Бұл Қазақстандағы ең алғашқы үлкен зерттеу болып табылады. Кітап қортындыны санамағанда 4 үлкен бөлімнен тұрады. Әрбір бөлім автор үшін үлкен жауапты қажет етеді. Ушинскидің «Педогогикалық антрапологияның ерекшеліктерін» зерттеді. Үшінші бөлімінде Ушинскидің психология жүйесіне орыс педагогының үлкен еңбегінде мазмұндама береді. Ал төртінші бөлігінде антропология сияқты кең дамыған психологиядан бастау алатын жерде автор Ушинскидің көзқарасымен даму және оқыту, психологиялық функцияны оқыту прцесінде дамыту мәселесін дамытады. Тажибаевтың зерттеулері К.Д. Ушинскидің «Педогогикалық антропология»-на байланысты жұмысының кең көлемімен, құжаттарының жүйелілігімен назар аударуға лайқ болып табылады.



## Психология туралы ілімнің Қазақстандағы даму жолдарын сызба түрінде көрсетсек



Бұл жерде біз Қазақстанда психология ілімі орта ғасырлардан бері қарқынды дамып келе жатқанын байқай аламыз



*Назарларыңызға рахмет*